

Хаттама №1

Қатысқан ата-аналар саны: - 50

Қатыспаған ата-аналар саны-30

Қаралатын мәселелер:

1. «Балабақшаға жол» ата – аналар топтың жылдық мақсатымен, күн тәртібімен таныстыру.
2. Ата – аналар комитетін сайлау.
3. «Ұрпақ тәрбиесі» баяндама.

Сәлеметсіздерме құрметті ата-аналар біздің даярлық топқа қош келдіңіздер! Сіздерден өтініш орындарыңыздан тұрып бір - бірімізбен танысып алайық. «Мен кереметпін» атты психологиялық тренинг өткізілді.

Барлығымыз бір- бірімізбен танысып болсақ орындарыңызға жайғасып отырыңыздар. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші бала тәрбиелеудегі міндеттерді іске асырушылар балабақша мен отбасы.

2024-2025 оқу жылының міндеттемелері

1. "Денсаулық" саласы:

Міндеті:

Ата-аналарды күн тәртібі мен таныстыру, ондағы ұйымдастырылған оқу-іс әрекеттері бойынша мағлұмат беру. Білім салалары мен білім бөлімдерін толық таныстыру.

Ендігі мәселе: Ата-аналар арасынан өз өтініштерімен ата-аналар комитетін сайлайық.

Ата-аналар өзара келісе отырып ата-аналар ұйымын сайлады, олар:

1. Ата аналар төрайымы: Аязбай Ғалия
Көмекшілері:

2. Кеншінбай Айдана

3. Сейтназарова Гулзира

Баяндама: Ұрпақ тәрбиесі

Қай заманда болмасын адамзат баласының алдында тұратын ұлы мақсат мұраттарының ең бастысы\ өзінің өмірін, тәжірибесін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Себебі, ұрпақ тәрбиесі келешегін берік ететін басты фактор болып саналады. Қоғамымыздың іргетасын нығайту үшін бүгінгі жас ұрпаққа үлгілі, өнегелі тәрбие беру \ қазіргі білім беру және тәрбиелеудегі басты міндеттердің бірі. Қазіргі заманда жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беру әлеуметтік құрылымның ең маңызды міндеттерінің біріне айналды. Қазақстан Республикасының білімді дамыту тұжырымдамасында үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы. Ол баланың жеке бас ерекшелігін ескере отырып дамытатын орталық» делінген. Баланы тәрбиелеу, дамыту және білім беру мәселелерінде отбасы мен балабақша ұжымының бірлескен өзара тығыз байланыста болуы. Бала тәрбиесі ана сүтінен бастап, өмір бойы қалыптасатын күрделі құбылыс. Тәрбиенің ең алғашқы негізі отбасында қаланып, балабақша жалғасады.

Ата-аналар жиналысының шешімі:

1. Ата-аналар балаларды таңертең балабақшаға уақытылы алып келу.
2. Балаларды себепсіз балабақшадан қалдырмау.
3. Ата - аналар балаларға қажетті оқу құралдарын дайындап беру.
4. Балаларды бірлесе отырып тәрбиелеу.

Ата-ана комитетінің төрағасы: Жайбергенова Айгерім

Тәрбиеші: Смайлова.Ф

Ата –аналармен жүргізілетін жұмыс жоспар

2024-2025 оқу жылы

Жауқазын тобы

№	Тақырыбы	Мерзімі	Жауапты
1	№ 1.Ата –аналар жиналысы Ата аналармен танысу Ата ана комитетін сайлау Сауалнама «Танысу»	Қыркүйек	Тәрбиеші Ата -ана
2	№ 2 Ата аналар жиналысы Баяндама:Отбасы отанымыздың ошағы Тренинг: Балаңыздың қандай ойлары бар(өнер ,би)	Желтоқсан	Тәрбиеші
3	«Береке күз мереке»шығармашылық	Қазан	Тәрбиеші
4	№3 Ата ана жиналысы Баяндама «Ұрпақ тәрбиесі болашақ тірегі»	Желтоқсан	Тәрбиеші
5	«Ана алақаны» сынып сағаты Наурыз думан ертеңгілік	Наурыз	Тәрбиеші Ата -ана
6	№4 Ата ана жиналысы Жанұя күні Тренинг: «Мен кереметпін»	Сәуір	Мұғалім
7	№4 Тренинг «Көңілді музыка»	Мамыр	Мұғалім

Топ тәрбиешісі : Смайлова.Ф

№	Ата-аналарға педагогикалық ағартудың тақырыптары	жанұялармен жүргізілетін жеке-дара жұмыс	ата-аналар комитетімен жүргізілетін жұмыс.	Мерзімі
1	Балабақшада дамытудың әлеуметтік – психологиялық жағдайын және оның баланың жеке басына әсерін өзгерту.	☐ Балабақша жанұяларымен танысу. ☐ Әрбір баланы тәрбиелеудің нақты міндеттерін сақтау.	ата-аналар жиналысын өткізуге дайындық: ата-аналар комитетінің мүшелері, топтарда қатысушыларды іріктеу; жұмыс жоспарын жасау	Қыркүйек
2	Сіз өз балаңызды балабақшада қандай топтарда көргіңіз келер еді? Бұл үшін (тәрбиешілердің) не істеуі қажет?	жанұяларға бару: консультациялар	.Қосымша жұмыстар өткізу.	Қазан
3	Тәрбиешілердің қамқорлықтары мен, балалардың ішкі дүниесі.	1.Ата—аналарға баланың мінездемелерін тапсыру. 2.Ата-аналардан мінездемелер туралы пікірлер мен толықтырулар алу. 3.Жанұяларға бару.	Балабақшадан тыс жұмыс үшін материалдық негіз жасау.	Қараша

Ашық есік күндерінің кестесі

№	Тақырыбы	жауапты	мерзімі
1	Балабақша өмірі Ата аналардан топ жұмысына қатысуы	тәрбиеші	қыркүйек
2	Ертегі әлеміне саяхат	тәрбиеші	қазан
3	Күлдір бүлдір шығармашылық күн	тәрбиеші	ақпан
4	Салт дәстүрді сақтаймын	тәрбиеші	наурыз
5	Шынықсаң шымыр боласың (Сайыс!	Тәрбиеші, ата-ана	мамыр